“Тейптеу – XXI ғасыр инновациясы”

Спикер: *ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Алтын дән» балабақша» КММ Кыстаубаева Н.Ж мұғалім- логопед, педагог-сарапшы, әлеуметтік білімдер магистрі*

Қайырлы күн, құрметті тамыз конференциясына қатысушы әріптестер!

Мен сіздермен XXI ғасыр инновациясы болып жатқан тейп туралы ақпараттарымен бөлісем деймін. Мұғалім-логопед жұмысындағы тейпті қолданудың әдіс-тәсілдерімен бөліссем деймін.

Жалпы, тейп дегеніміз - созылмалы, құрамында желімі бар, маталы жолақ. Бұлшықет тонусын қалыпқа келтіру мақсатында баланың немесіне пациенттің денесіне жапсырылатын арнайы әдіс.

Тейптің қандай түрлері бар?

- **Классикалық тейп-** логопед мамандары жиі қолданады. Мақтадан немесе акриловый желімнен жасалады.
- **Синтетикалық тейп -** сілекей аққанда, тершеңдік кезінде пайдаланады, ылғалды жақсы сіңіреді.
- **Кросс тейп (йодовая сетка).** Бұзылысты өзіне қарай тартады. 15 минуттан соң әсер ете бастайды.
- **Магниттік тейп-** спазма, ауырсыну, буындардың сырқырауы кезінде пайдаланады.

Тейп қайдан шықты? Сонау, 1973 жылы япондық дәрігер Кензо Кисасе тейптеу әдісін алғаш медицина саласына енгізді. Бұл әдісті спортшылардың бұлшықеттеріне болған спазманы, ауырсынуды емдеуге ұсынған болатын. Алғаш Сеулде болған олимпиада жарысында спортшылар қолданды. Осыдан кейін, «Тейптеу әдісі» халықаралық дәрежеге көтерілді. Көптеген елдерде спортшылар, массажистер қолданып, уақыт өте келе тейптің жаңаша технологиясы дами түсті. 2000 жылдары ТМД елдерінде бұл әдісті логопедия саласына енгізе бастады. Тейптеу әдісімен, ерекше білімді қажет ететін балалардағы түрлі ақаулықтарды түзету барысында біршама іс-тәжірибелер жүргізіп, нәтижеге жетті. Қазақстанда соңғы 2 жыл уақыт көлемінде қызу талқыға түсіп, әртүрлі конференцияларда айтылды. Қазіргі таңда түзету жұмысында қолданылуда.

Тейптеудің мақсаты – адамның денесінде әр түрлі рецепторлар орналасады. Осы рецепторлардың бұзылуы салдарынан баланың бойында әртүрлі бұзылыстар пайда болады. Мысалы, бұлшықеттің гипертонусы мен гипотонусы. Тейп ерінді жымғыру жүйесін дамытуға бағытталған. Ең алдымен жұмысты бастамас бұрын, тейптеудің орнын анықтау қажет. Ол – ауыздың айналасындағы негізгі бұлшықеттерді қамтиды. Тейптеу әдісі – логопедтің түзету жұмысында көмекші құралы ретінде қолданыла бастағанына көп болған жоқ. Деседе, логопедияда тейптеу әдісімен келесідей бұзылыстарды түзетуге болады.

1. Бұлшықет тонусын арттыру;
2. Ауырсыну, бұлшықеттегі спазманы жою.

3. Гипертонус кезінде
4. Жұту және шайнау прцесі кезінде
5. Жиі сілекейдің бөлінуін азайту
6. Дыбысты айтудың бұзылуын реттеу;
7. Баланың жазуын реттеу.
8. Ұсақ қол моторикасын дамыту
9. Сезімталдылықты арттыру

Тейіпті дайындық түзету жұмысы ретінде артикуляциялық жаттығудың алдында қолданады. Логомассаждан бұрын пайдалануға болмайды. Логомассаж 20 мин жасалуы керек. Ал тейпті қолдану кезінде 10 мин массаж жасап, 10 мин тейп жапсыруға болады. Себебі, тейп логомассаждың әсерін сақтайды, ұзартады. Тейпті жапсыру барысында баланың денесі міндетті түрде құрғақ болуы тиіс. Логомассаж барасында жағылған крем, майлардан денені толық тазартамыз.

Тейпті қию үлгісі. Логопедия саласында тейпті қию үлгілері ағылшын әріптеріне негізделеді. Олар: «И», «У», Сегізаяқ тәрізді. Және жалпақтау тейп (төртке бөліп бүктеу). Мойын бөлігіне жапсырылады. Қолшам фонарик тәрізді төртке бөліп бүктеп қиялатын тейп. Кросс тейп сетка тәрізді дайын күйінде болады.

Тейпті жапсыру әдісі:

Кез келген тейпті жапсыру үшін ең бірінші гигиеналық талаптарды сақтаймыз. Тейп жапсырылатын аймақты тазартып, құрғатып аламыз. Егер баланың денесінде ауырсыну, бөртпе, жара болатын болса тейпті жапсыруға болмайды. Тейптің әсері барлық талаптар сақталып, дұрыс жапсырылған жағдайда 10минуттан кейін басталады. Науқастың денесінде 3-7 күнге дейін жүруіне болады.

Тейпті алу әдісі.

1. Әдіс: Қауіпсіздік ережелін сақтай отырып, жүзеге асырылады. Тейпті аларда балалар майын қолдану арқылы, қолмен баса отырып, бір жаққа тарту арқылы аламыз.
2. Әдіс: орап алу, тейптің орындарын қолмен баса отырып деңгейлетіп алу.

Мұғалім-логопедтің дыбыстарды қою жұмысындағы тейпті қолдану түрлерін №5 слайдтан көре аласыздар.

- Еріндік дыбыстарды түзетуде тейпті қолдану:

(М, Б, В, П, Ф)

- Тіл арты дыбыстарын түзетуде тейпті қолдану:

(Г, Ғ, К, Қ, Х)

- Тіл алды және тіл орталық дыбыстар:

(Ж, З, Н, Л, С, Т, Ш)

- Ысқырық және ызың дыбыстарды түзетуде тейпті қолдану:

(С,З, Ц, Ч, Ж, Ш, Щ)

- Дисфония (дауыс ырғағы) кезінде тейпті қолдану:

ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Алтын дән» балабақшасында» «Тейптеу әдісі» 2020шы оқу жылынан бастап түзету жұмысына енгізіле

бастады. Теория, әдебиеттер көздері, шет ел мамандарының іс тәжірибелері қарастырылып, мекемедегі мамандардың жұмыстарында бейімдеуден өтті.

Мұғалім-логопедтің жұмысындағы тейптеуді қолданумен бөліскен іс-тәжірибелер:

- Балабақша мамандарының «Тейп» тақырыбындағы арнайы курстардан білімдерін толықтыруы;
- Іс-тәжірибеден өтуші студенттер үшін күнделікті мұғалім-логопедтің түзету жұмыстарында тейпті қолдану;
- ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Алтын дән» балабақшасы» КММ-нің 10 жылдық семинарында қалалық деңгейде іс-тәжірибемен бөлісу, 2022 ж;
- ШҚО ББ “Шығыс” өңірлік орталығы ұйымдастырған онлайн-семинар, 2021ж;
- Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінде тейпті қолдану, іс-тәжірибемен басқа жеке пән мамандарымен, тәрбиешілермен бөлісу, 2021ж;

Ұсынылып отырған тейп тек дыбыстардың техникасымен жұмыс жасау үлгісі. Алайда, логопед әртүрлі балалармен жұмыс жасағандықтан, алға қойылған мақсаты сан түрлі, өзекті мәселе. Бұл тейптеу жұмыс түзету жұмысының тек алғашқы бөлігі. Сондықтан, жұмысты дамыту арнайы маманның білімділігін және шеберлігін талап етеді деп ойлаймын. Ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс кезінде үнемі жаңа инновациялық әдістер мен тәсілдерді, технологияларды сауатты пайдалана отырып, жақсы нәтижелерге қол жеткізетініміз сөзсіз. Жаңашылдықтан, ізденушіліктен жалықпай, әрқашан даму үстінде болайық.

Назарларыңызға рахмет!